

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № 757 Жарлығы

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мақсатында **Қ А У Л Ы** **Е Т Е М І Н :**

1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар 2014 жылғы 2 сәуірден бастап 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) шағын және орта бизнес субъектісінің өзінің қызметіне қатысты өтініші оларды жүргізуге негіз болып табылатын тексерулерді, осы өтінішпен байланысты қарсы тексерулерді ;

2) қаржылық ұйымдарды ;

3) атом энергетикасы, радиоактивтік заттар саласын ;

4) улардың, қару-жарақтың, әскери техниканың және жекелеген қару түрлерінің, оның ішінде азаматтық және қызметтік, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметін ;

5) конституциялық құрылысқа, ұлттық қауіпсіздікке, заңдылыққа және қоғамдық тәртіпке тура және тікелей қауіп-қатер төндіретін іс-әрекеттің алдын алу немесе жою мақсатында жүргізілетін тексерулерді қоспағанда, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді тоқтатсын.

Осы тармақтың 3)-5) тармақшаларында көрсетілген тексерулер Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен келісілген, орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысының шешімі негізінде жүргізіледі деп белгіленсін .

2. Кәсіпкерлік субъектілерін жоспарлы тексерулер 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап болмасын .

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мынадай заң жобаларын :

2014 жылғы 1 сәуірге дейін – рұқсаттар мен хабарламалардың нақтылы тізбесін, оларды беру тәртібін регламенттеу, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілеріне рұқсаттар жүйесі саласында заңнамаға реттеушілік ықпалын талдау қағидатын енгізуді көздейтін мәселелер бойынша ;

2014 жылғы 1 қыркүйекке дейін – Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша мыналарды: тәуекелдерді бағалау негізінде тексерулерді ұйымдастыруға көшуді, сондай-ақ

кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігін сақтандыру мүмкіндігін кәсіпкерлік субъектілерін тексерудің баламасы ретінде енгізуді;
кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру барысында тексеруге жататын талаптарды қысқартуды;
шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тарату ресімдерін жеңілдетуді;
Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рөлін күшейтуді, оның ішінде кәсіпкерлер құқықтары жөніндегі уәкіл институтын енгізуді;
Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсартуға бағытталған өзге де шараларды көздейтін;
2015 жылғы 1 қаңтарға дейін – өзін өзі реттейтін ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізсін;

2) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігімен келісім бойынша 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесін (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда) б е к і т с і н ;

3) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі жобасында кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу туралы заңнамалық актілердің нормаларын топтастырсын;

4) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін рұқсаттар беруді автоматтандыруды аяқтасын;

5) осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы осы Жарлықтың 1-тармағын іске асыру барысында заңдылықтың мүлтіксіз сақталуын қадағалауды қамтамасыз етсін.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев